

Қазақстан Республикасында Жарылыс ісін жетілдіру және үйлестіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 тамыз 1992 ж. N 658. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу, министрліктер мен ведомстволар қызметін үйлестіру, кәсіпорындарды жарғыш материалдармен, арнайы көлікпен, техникамен және жабдықтармен қамтамасыз етуді жақсарту, жарылыс жұмыстарын жүргізген кезде қауіпсіздікті көтеру мақсатында Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті (Мемкенқадағалауком) жанынан Жарылыс ісі жөніндегі Ведомствоаралық Кеңес құрылсын.

Ведомствоаралық Кеңеске шаруашылық қызметінде жарғыш заттарды және жарылыс жұмыстарын механикаландыру құралдарын пайдалануға, сондай-ақ министрліктер, ведомстволар, корпорациялар, концерндер және шаруашылық қызметтің басқа да субъектілері үшін жарылыс ісін жетілдіру мен жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде болатын апат пен өндірістік жарақат алу себептерін жоюға бағытталған шараларды жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге байланысты мәселелер бойынша министрліктер мен ведомстволардың қызметін үйлестіру жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып, Жарылыс ісі жөніндегі Ведомствоаралық Кеңестің жеке құрамын жасақтасын және 1992 жылғы 15 қыркүйекке дейін Ведомствоаралық Кеңестің Ережесін әзірлеп, бекітетін болсын.

3. Жарылыс ісі жөніндегі Ведомствоаралық Кеңестің жұмысын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомының орталық аппаратына қосымша 3 адам берілсін.

4. Ведомствоаралық Кеңестің шешімі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, ішкі істер министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитетінен басқа республиканың жарылыс жұмыстары жүргізілетін, жарғыш заттар мен жарылыс жұмыстарын механикаландыру құралдарын дайындайтын, жарғыш заттарды тасымалдау және сақтау жұмыстарын жүзеге асыратын барлық министрліктері, ведомстволары, кәсіпорындары мен ұйымдары үшін орындауға міндетті деп белгіленсін.

*ЕСКЕРТУ. 5,6,7-тармақтары күшін жойды - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 763 қаулысымен .*

*Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК